



Арал аудандық
қоғамдық-саяси
газет

№49 (11213)

Сейсенбі, 30 маусым, 2026 жыл

Газет 1930 жылғы 1 қарашадан бастап шығады


Аралым – айдын шалқарым. құт-береке қонған жер!

Толқын

ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯ

1 шілде күшіне енеді

ЕЛДІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Референдум – ел тағдыры сыңға түсетін, халықтың өз болашағына өзі жауап беретін тарихи сәт. Бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер мемлекет пен қоғам арасындағы сенім көпірін нығайтып, саяси кемелдіктің айқын белгісіне айналады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан бірнеше рет референдум өткізіп, құқықтық іргетасын бекітті. 1995 жылы қазіргі Конституция қабылданса, 2022 жылғы реформа «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласына жол ашты. Ал енді, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы аясында ел дамуының мүлде жаңа парағы ашылмақ. 2026 жылғы 1 шілдеден бастап республикада ауқымды конституциялық өзгерістер күшіне енеді. Жаңа Ата Заның басты ерекшеліктері мен ел өміріне енетін негізгі жаңалықтар төмендегідей бағыттар бойынша айқындалады.

Конституцияның жаңа құрылымы мен мазмұны

Жаңа конституциялық реформа – формалды түзету емес, мемлекеттіліктің сапалық деңгейін арттыратын институционалдық жаңғыру болып табылады. Жоба аясында 77 бапқа өзгерістер енгізіліп, Ата Заң

мәтінінің шамамен 84 пайызы қайта қаралды. Негізгі заң жаңа кіріспемен толықтырылып, 11 бөлімнен және 104 баптан тұратын болады. Бұл құрылымдық тұрғыдан бұрынғы нұсқадан түбегейлі ерекшеленеді.

Саяси реформа және мемлекеттік басқару жаңартылары

Мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру мен билік тармақтарының тепе-теңдігін сақтау мақсатында басқару жүйесіне елеулі өзгерістер енеді. Ең басты жаңалықтың бірі – Парламенттің Құрылтайға айналуы. Елдің негізгі заң шығарушы органы қайта құрылымдалып, екі палаталы жүйеден бір палаталы жүйеге көшу үрдісі басталады. Осыған байланысты депутаттардың өкілеттік мерзімдері де нақтыланады: Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі алты жыл, ал Мәжіліс депутаттарының мерзімі бес жыл болып бекітіледі. Сонымен қатар Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 60-тан 70 адамға дейін көбейеді.

Атқарушы билік құрылымында да елеулі өзгеріс бар. Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесіне жаңа маңызды лауазым – вице-президенттік институт енгізіледі. Бұған қоса, азаматтық қоғам мен билік арасындағы тікелей диалог алаңы ретінде «Халық кеңесі» құрылады. Бұл жаңа консультативтік-кеңесші органға заң шығару процесіне тікелей ықпал ету және заң жобаларына өзгерістер енгізу құқығы беріледі.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау

Жаңа Конституция жобасы азаматтардың құқықтық кепілдіктерін халықаралық стандарттарға сай барынша кеңейтуді көздейді. Сот және тергеу жүйесінде әділдікті орнату үшін бір құқықбұзушылық үшін бір адамды екі рет жауапқа тартуға конституциялық деңгейде тыйым салынады және кінәсіздік презумпциясы күшейтіледі. Сонымен қатар, адамның өзіне, жақын туыстарына және өзіне сырын сеніп тапсырған дін қызметкерлеріне қарсы күзлік беруге мәжбүрлеуге тыйым салу аясы кеңейді.

Әр азаматқа өз құқықтарын барлық заңды тәсілмен, соның ішінде қажетті қорғану арқылы қорғау құқығына кепілдік беріледі. Тұрғын үй қолсұғылмаушылығы да басты назарда болады: адамды тиісті сот шешімінсіз тұрғын үйінен айыруға немесе үйінен шығаруға мүлде жол берілмейді. Бейбіт жиналыстар мен митингілер өткізу құқығы сақталады, бірақ оларды шектеудің заңды негіздері кеңейіп, тұжырымдар қатаңдай түседі. Рұқсат етілетін нысандар тізімінен «шерулер» мен «пикеттеу» терминдері алынып тасталады. Сондай-ақ, заманауи сын-қатерлерге жауап ретінде, цифрландыру жағдайында азаматтардың дербес деректерінің қауіпсіздігін күшейтуге ерекше басымдық берілген.

Экономикалық тұрақтылық және ұлттық мүдде

Ата Заң – тек саяси құжат ғана емес, елдің экономикалық дамуының да

іргетасы. Айқын әрі әділ құқықтық орта инвестициялық сенімді арттырудың басты кепілі болып табылады. Жаңа өзгерістер аясында кәсіпкерлерді құқықтық қорғау тетіктері күшейтіліп, инвестициялық ахуал үшін неғұрлым тұрақты жағдай жасалады.

Ұлттық валютамыз – теңгенің мәртебесі де конституциялық деңгейде бекітіліп, ол егемендіктің мызғымас элементі ретінде танылады. Теңгені эмиссиялаудың айрықша құқығы бұрынғыдай мемлекетке қалады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

мақсатында азаматтық мәселесі бойынша қос азаматтыққа мүлде жол жоқ деген норма ұсынылып, ұлттық мүдденің басымдығы айқын бекітіледі.

Мемлекеттік құрылыс негіздері мен тарихи мәртебе

Реформа барысында мемлекеттің негізгі мызғымас құндылықтары толық сақталады. Қазақстанның егемендігі, тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы және республикалық басқару нысаны ешқашан өзгермейтін құндылықтар ретінде бекітілген.

Сонымен қатар, Конституцияның 91-бабында тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы және ол қалыптастырған мемлекеттің іргелі қағидаттары туралы норма сақталып, нақтыланады. Бұл елдің саяси тұрақтылығы мен тарихи сабақтастығын қамтамасыз ету тұрғысынан үлкен мәнге ие.

15 наурыздағы тарихи таңдаудан бастау алып, 1 шілдеде күшіне енетін жаңа Конституция – Қазақстанның құқықтық мемлекетті жетілдіруді, әділетті қоғам құруға және жаһандық өзгерістерге бейімделуге деген шынайы белділігін көрсетеді. Кез келген реформа халықтың қолдауымен ғана өміршен. Жаңа Ата Заң – өткенді жокқа шығару емес, мемлекет болашағын уақыт талабына сай жаңғырту жолындағы батыл да ортақ қадам.

Г.САҚТАПОВА



ИНДЕТТІҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Халықтың денсаулығы мен санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі – мемлекеттік органдардың жіті бақылауында болатын маңызды мәселенің бірі. Әсіресе, маусымдық қауіпті жұқпалы аурулардың, соның ішінде Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бағытындағы жұмыстар ерекше жауапкершілікті талап етеді. Осыған байланысты аудан әкімдігінде аудан әкімі Аманжол Онғарбаевтың төрағалығымен кешенді шаралардың барысы мен кемшіліктерін талқылаған маңызды жиын өтті.

Жиында өңірдегі эпидемиологиялық ахуал, аурудың алдын алу шаралары, кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын ұйымдастыру және жауапты мекемелердің өзара іс-қимылын күшейту мәселелері қаралды.

Мәжіліс барысында көктемгі залалсыздандыру жұмыстарының нәтижелері мен кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жайында аудан әкімінің орынбасары Шерхан Есжанов хабарлама жасады.

Аудан басшысы мәселені назарға алып, сапалы әрі тиімді жұмыстар жүргізу бойынша жауаптыларға біркатар тапсырмалар берілді. Бұған дейін кеткен кемшіліктер жиын барысында назарға алынып, бақылауды назардан тыс қалдырған ауылдық округ әкімдерінің жұмысы қатаң сыңға алынды.

Сонымен қатар, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне бөлінген қаражатты мақсатты пайдалану, қора-жайлардың санитариялық жағдайын қамтамасыз ету және атқарылатын жұмыстардың сапасына қатаң бақылау жасау міндеттелді.

Аудан әкімі Аманжол Сақпұлы жиын барысында шаруа қожалықтарында кенеге қарсы профилактикалық шараларды үздіксіз жүргізу, малдарды арнайы препараттармен өңдеу және ветеринариялық іс-шараларды күшейту қажеттігін атап өтті.

Аудан басшысы жауапты сала басшыларына және ауылдық округ әкімдеріне Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастырып, олардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

Индеттің алдын алу – науқандық жұмыс емес, тұрақты әрі жүйелі бақылауды қажет ететін процесс. Аудан басшылығы тарапынан қойылған қатаң талаптар мен жүктелген міндеттер өз деңгейінде орындалғанда ғана өңірдегі тұрақты эпидемиологиялық ахуалды сақтап, тұрғындар мен төрт түлікті қауіпті дерттен аман алып қалу мүмкін болмақ.

БІЛІМНІҢ БИГІН БАҒЫНДЫРҒАНДАР



Ауыл балаларына үлкен мүмкіндік сыйлайтын, дарынды оқушыларды қолдауға бағытталған «IQanat» олимпиадасы биыл да өз мәресіне жетті. Білім бөйгесіне қатысқан мыңдаған талапкер арасынан үздіктер іріктеліп, ең жоғары нәтиже көрсеткен шәкірттер «IQanat High School of Burabay» мектебінде білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Осы айтулы долада Арал ауданының білімді жастары да өздерін танытып, үлкен жетістікке жетті.

№87 орта мектептің 8-сынып оқушылары Акниет Сұлтанмұрат пен Инжу Шамжан білім бөйгесінде үздік нәтиже көрсетіп, «IQanat» мектебінің грант иегерлері атанды. Қос шәкірттің бұл жеңісі — олардың табандылығы мен ізденісінің, ұстаздар еңбегінің жемісі.

Сонымен қатар, №57 орта мектептің оқушысы Бахытқызы Назым да олимпиадада жоғары нәтиже көрсетіп, «IQanat» мектебінің грантына ие болды.

Ауылдан шыққан жас білімпаздардың осындай биіктерді бағындыруы – ауданымыздың білім саласындағы жетістіктерінің айқын көрінісі. Зерек шәкірттердің «IQanat High School of Burabay» мектебінде алатын білімі олардың үлкен өмірге жасаған сәтті қадамы болып, болашақта елі игілігіне қызмет ететін білікті маман атануларына септігін тигізеді деп сенеміз.

ЖАҒАЖАЙ ЖАУАПСЫЗДЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ



Жазғы демалыс маусымы басталғалы бері су айдындары мен көл жағалауларына ағылатын тұрғындар мен қонақтардың қатары күрт артты. Алайда, демалыстың қызығы қайғылы жағдайға ұласпауы үшін қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы мақсатта Қамбаш көлінің жағалауында кәсіпкерлер мен демалушыларға қауіпсіздік талаптарын түсіндіру мақсатында аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараға аудан әкімдігінің, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының, аудандық полиция бөлімінің өкілдері қатысты.

Кездесу барысында демалыс орындарындағы өрт қауіпсіздігі, су айдындарында талаптарды сақтау, балаларды қараусыз қалдырмау, рұқсат етілмеген жерлерде шомылмау, санитариялық талаптарды орындау және қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Су – тілсіз жау, сондықтан салғырттық пен бейқамдыққа ешқандай орын жоқ. Құзырлы органдардың ескертулеріне құлақ асып, балаларды қараусыз қалдырмау және бекітілмеген жерлерде шомылмау ережелерін қатаң ұстану ғана әрбір отбасының қауіпсіз әрі жайлы демалысын қамтамасыз ете алады.

Азаматтарды өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, белгіленген ережелерді қатаң сақтауға шақырамыз.

«Толқын» ақпарат

ТІЛШІЛЕР МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

Бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамның айнасы, халық пен билік арасындағы алтын көпір. Кез келген мақала жазу – үлкен жауапкершілікті, ізденісті және шынайылықты талап ететін шығармашылық процесс. Ал осы процестің бел ортасында жүріп, әрбір сөздің салмағын сезінетін тілшілер қауымының еңбегі әрқашан құрметке лайық.

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында ауданымызда қалам ұстаған шығармашылық қауым өкілдеріне ерекше құрмет көрсетілді. Аудан әкімі Аманжол Онғарбаев өңірдегі ардагер журналистер мен сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, арнайы кездесу өткізді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІНДЕГІ МАЗМҰНДЫ ШАРА

Әбдіжәміл Нұрпейісов атындағы шығармашылық үйінде еркін форматта ұйымдастырылған басқосудың мән-маңызы бөлек болды. Келелі кеңесте журналистика саласының өткені мен бүгінгі, оның қазіргі қоғамдағы орны кеңінен талқыланды. Әсіресе, ардагер буынның өнегелі жолы жас тілшілер үшін үлкен мектеп екені айтылып, болашақ бағыт-бағдарлар айқындалды.

Мазмұнды кешке Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұмабай Жақып, Ерғали Абдулла, Жазушылар одағының мүшесі Жаңабай Кемал, Амангелді Өткелбаев, Құндыз Дәуітовамен қатар Журналистер одағының мүшелері, «Толқын» газетінің бас редакторы, Журналистер одағының мүшесі Айдар Сайлауов, бас редактордың орын-

басары Абай Елеш, газеттің тілшісі Оңталап Жолдасов қатысты.

Кездесу барысында ардагер журналистер өздерінің өмірлік және кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, саланың өзекті мәселелері мен даму бағыттарына қатысты құнды ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Сондай-ақ олар шығармашылық қауым өкілдерінің еңбегін ескеріп, кәсіби мереке қарсаңында құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырған аудан әкіміне шынайы алғыстарын білдірді.

ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Өз кезегінде аудан әкімі Аманжол Сақпұлы бұқаралық ақпарат құралдары саласы қызметкерлерінің мемлекет пен қоғам дамуындағы маңызды рөлін атап өтіп, жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтады. Басқосу соңында аудан басшысының ізгі тілегі жазылған құттықтау хаттар мен естелік сыйлықтар салтанатты түрде табыс етілді.

Мерекелік марапат мұнымен шектелген жоқ. Ауданымыздың шежіресін жазып, халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап жүрген қарашанырақ – «Толқын» газетінің тілшілері де назардан тыс қалмады. Газеттің бас редакторы Айдар Сайлауовтың Алғыс хаты мен естелік сыйлықтары өз ісінің шеберлеріне табысталды.

Сонымен қатар, баспасөз өнімдерін оқырманға уақытылы жеткізіп, газеттің жаны мен тынысы болып жүрген «Халық» газеті ЖШС газет таратушылары Бас директор Марат Аралбаевтың Алғысын арқалады.

Газет – тарихтың өшпес шежіресі десек, сол шежірені алтын әріптермен жазып жүрген тілшілердің еңбегі әрдайым биіктен көріне бермек. Осы тұста мерекелік шара қаламгерлерге жаңа шығармашылық шабыт сыйлады.

«Толқын» ақпарат



**ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗДАР
МЕН
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ**

Ауданымыздың білім саласы үшін сүйінші жаңалық. ХХІ ғасыр – цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің дәуірі. Бұл үрдіс бүгінде білім беру саласына да серпін беріп, мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне жаңа талаптар қояуда. Жақында өткен республикалық долада аймағымыздың озық ойлы педагогтары заманауи технологияларды игеруде алдыңғы қатардан көрініп, аудан абыройын асқақтатты.

Еліміз бойынша ұйымдастырылған «EduAI: білім беру ұйымдарына арналған жасанды интеллект негізіндегі шешімдер» республикалық педагогикалық хакатонына ұсынылған 3534 жобаның ішінен үздік деп танылған 400 жоба авторының қатарына ауданымыздың үш бірдей ұстазы енді.

Атап айтқанда, №220 мектеп-лицейдің мұғалімі Айнұр Уксикбаева, №292 орта мектептің мұғалімі Айжан Сағындық және №62 мектеп-лицейдің мұғалімі Гүлім Шиманова кәсіби тәжірибесі мен заманауи білім беру үдерісіне бағытталған тың жобаларын ұсыну арқылы республикалық деңгейде жоғары бағаланды.

Ұстаздарымыздың бұл жетістігі – үздіксіз ізденіс пен шығармашылық еңбектің, білім сапасын арттыру жолындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Жаңашыл идеяларды білім беру саласына енгізуге үлес қосып жүрген әріптестеріміз аудан мерейін үстем етті. Мектеп қабырғасынан бастап инновацияны ту еткен жаңашыл мұғалімдеріміздің алдағы уақытта да шәкірт тәрбиелеуде тың жобаларымен даралана береріне сеніміміз кәміл.

Ұстаздарды айтулы жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңіз еленип, шығармашылық ізденістеріңіз арта берсін!

Г.ӘЛНИЯЗИНА



ҚОҒАМ

Асылбек АҒЫБАЕВ:

ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ТӨЛЕМ — ЗАҢ ТАЛАБЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ КЕПІЛІ

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР – БҮГІНДЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ДЕ, ҚАРАПАЙЫМ ТҰРғындарды да мазалайтын басты тақырыптардың бірі. Заңнамадағы өзгерістерден қалып қоймай, өз міндеттемелерін уақытылы өрі дұрыс орындау әрбір азамат үшін маңызды. Осы орайда, салық саласындағы соңғы жаңалықтардың мән-жайын білу, халық арасында жиі қойылатын сұрақтарға нақты жауап алу үшін біз арал аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Асылбек Қуанышбайұлы АҒЫБАЕВТЫ ӘНГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

– Асылбек Қуанышбайұлы, соңғы уақытта кәсіпкерлер арасында POS-терминал орнату мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл талаптың негізгі мақсаты қандай?

– Мемлекет кәсіпкерлік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуге, көпкейі экономиканың үлесін азайтуға және тұтынушылардың құқықтарын қорғауға ерекше назар аударып отыр. Осы мақсатта «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жекелеген қызмет түрлерімен айналысатын кәсіпкерлер өз қызметін жүзеге асыратын орындарда төлем картоншалары немесе жедел төлемдер жүйесі арқылы төлем қабылдауға мүмкіндік беретін POS-терминал немесе соған теңестірілген төлем құрылғыларын орнатуға міндетті. Бұл – заң талабы.

– POS-терминал орнату міндеті барлық кәсіпкерлерге бірдей қатысты ма?

– Жок. Бұл талап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 шілдедегі №457 қаулысымен бекітілген қызмет түрлеріне қолданылады. Олардың қатарында көтерме және бөлшек сауда, автокөлік сату және жөндеу, қонақүй және мейрамхана бизнесі, медицина, білім беру, сақтандыру, туризм, фитнес клубтар, кинотеатрлар, жүк тасымалдау және басқа да қызмет көрсету салалары бар.

Ал заңда көрсетілген кейбір ерекшеліктер де қарастырылған. Мысалы, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін немесе акваөсіру өнімдерін сататын кәсіпкерлерге, сондай-ақ байланыс желісі жоқ елді мекендердегі стационарлық емес сауда орындарына бұл талап қолданылмайды.

– Кейбір кәсіпкерлер сатып алушылардан тек қолма-қол ақша талап етіп жатады. Мұндай әрекет заңға сәйкес пе?

– Әрине, жоқ. Егер кәсіпкер заң бойынша қолма-қол ақшасыз төлем қабылдауға міндетті болса, онда сатып алушының банк картасымен немесе QR арқылы төлем жасау құқығын шектей алмайды. Қазіргі таңда азаматтардың басым бөлігі қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды пайдаланады. Сондықтан мұндай мүмкіндік міндетті түрде қамтамасыз етілуі қажет.

– POS-терминал болмаған жағдайда қандай жауапкершілік қарастырылған?

– Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 195-бабына сәйкес, алғаш анықталған жағдайда кәсіпкерге ескерту жасалады. Егер дәл осындай құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайта қайталанса, онда әкімшілік айыппұл салынады. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 60 АЕК, ал ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 80 АЕК мөлшерінде айыппұл қозғалған.

– Мемлекеттік кірістер органдары қандай бақылау жұмыстарын жүргізеді?

– Қазіргі таңда бақылау негізінен камералдық бақылау



арқылы жүзеге асырылады. Оның негізгі мақсаты – кәсіпкерлерді жазалау емес, заң талаптарын өз еркімен орындауға мүмкіндік беру.

Бақылау екі бағытта жүргізіледі. Біріншісі – кәсіпкерлік қызметтің салық органдарында тіркелуі. Екіншісі – алынған кірістердің толық көрсетілуі.

Егер қандай да бір сәйкессіздік анықталса, салық төлеушіге арнайы хабарлама жіберіледі. Ол кәсіпкерге заң бұзушылықты өз еркімен түзетуге мүмкіндік береді. Егер азамат анықталған ашшақтықпен келіспесе, растайтын құжаттарын ұсына отырып түсініктеме беруге құқылы.

– Кәсіпкерлерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен, кәсіпкерлік қызметке арналған арнайы бизнес-шоттарды пайдаланып, барлық төлемдерді заң талаптарына сәйкес қабылдауға кеңес береміз. Сонымен қатар әрбір сауда немесе қызмет көрсету кезінде сатып алушыға міндетті түрде фискалдық түбіртек берілуі қажет. Себебі фискалдық түбіртек – тұтынушы құқығын қорғайтын негізгі құжаттардың бірі. Оны беруден бас тарту да әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескерген жөн.

– Сұхбат бергеніңіз үшін алғыс айтамын.

Әңгімелескен Н.БАҚЫРАН

28 МАУСЫМ – БАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

АВТОРЛАР – БАСПАСӨЗ АЙНАСЫ



Қазіргі таңда ақпарат қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Күн сайын әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан жаңалықтар мен оқиғалар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жетіп отырады. Сондықтан журналист мамандығының қоғамдағы орны ерекше. Журналист тек ақпарат таратушы ғана емес, ол – халық пен билік арасындағы алтын көпір, қоғамның үнін жеткізуші, шындықтың жаршысы.

Ақпарат ғасырында журналистке артылар жүк жеңіл емес. Әсіресе, әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы ақпарат тарату жылдамдығын арттырғанымен, жалған мәліметтердің де көбеюіне себеп болды. Осындай кезеңде журналистің басты міндеті – ақпараттың шынайылығын тексеріп, оны халыққа дұрыс жеткізу. Өйткені бір ғана қате ақпарат мыңдаған адамның пікіріне әсер етуі мүмкін.

Мәселен төмендегідей оқиғалар расында қоғамды дүрбелеңге салғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ СОҚТЫРҒАН ЖАР

Қате ақпараттың қоғамға әсерін көрсететін ең танымал мысалдың бірі – 1938 жылы АҚШ-та болған оқиға. 30 қазан күні режиссер әрі актер Орсон Уэллс радиодан ағылшын жазушысы Герберт Уэллстің «Әлемдер соғысы» шығармасын радиоқойылым ретінде ұсынды. Бағдарлама жаңалықтар шығарылымы стилінде жүргізілгендіктен, көптеген тыңдарман оны шынайы хабар деп қабылдады. Радиодан «Марс тұрғындары Жерге шабуыл жасап жатыр» деген ақпарат тараған соң, мыңдаған адам үйлерін тастап кетуге тырысып, полиция бөлімшелері мен редакцияларға қоңырау шалған. Кейін бұл хабардың көркем қойылым екені анықталғанымен, оқиға ақпараттың адамдар санасына қаншалықты ықпал ететінін көрсетті.

Бұл – әрідегі жағдай. Ал бәріміздің көзіміз көрген мына жағдай да жаһан жұртының жайпалуына себеп болды емес пе?! Нақтырақ 2020 жылы әлемді жайлаған COVID-19 пандемиясы кезінде де жалған ақпараттың салдарынан әлеуметтік желілерде вирустың қолдан жасалғаны, белгілі бір тағамдардың немесе дәрілердің ауруды толық емдейтіні туралы негізсіз ақпараттар кеңінен тарайды. Кейбір адамдар медициналық мамандардың кеңесін елемей, дәлелденбеген ем-дом тәсілдеріне жүгінді. Сарапшылар мұндай ақпараттардың вакцинаға деген сенімсіздікті күшейтіп, қоғамдық денсаулық сақтау шараларына кедергі келтіргенін атап өтті.

Ал соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде әлеуметтік желілер арқылы тараған жалған хабарлар қоғамдық тәртіпке де әсер етті. Кейбір мемлекеттерде

банктердің жабылатыны, белгілі бір өнімдердің тапшы болатыны немесе төтенше жағдай жарияланатыны туралы қауесеттер халық арасында дүрбелең туғызған. Нәтижесінде адамдар жаппай сауда орындарына ағылып, банкоматтардан ақша шешуге тырысқан жағдайлар кездескен.

БАСЫЛЫМНАН БІТІМГЕ

Мұнымен қатар тарих соғысты тоқтатқан журналистер жайлы да деректерге бай. Расында соғыс кезінде ең бірінші зардап шегетін нәрсенің бірі – ақиқат. Әр тарап өз ұстанымын дұрыс көрсетуге тырысады. Осындай сәтте журналистер оқиға орнынан нақты мәлімет жеткізіп, шынайы жағдайды көрсетуге ұмтылады.

XX ғасырдағы Вьетнам соғысы журналистиканың қоғамға ықпалын айқын көрсетті. Майдан даласынан жарияланған репортаждар мен фотосуреттер бейбіт тұрғындардың ауыр жағдайын әлемге паш етті. Соның нәтижесінде соғысқа қарсы қоғамдық қозғалыстар күшейіп, билікке қысым артты. Тарихшылар мұны АҚШ-тың соғысқа қатысты саясатын қайта қарауына әсер еткен факторлардың бірі ретінде бағалайды.

Қазіргі әлемде «бейбітшілік журналистикасы» ұғымы кеңінен таралған. Бұл бағыттағы журналистер қақтығыстың өзін ғана емес, оның себептерін, салдарын және шешу жолдарын көрсетуге тырысады. Мұндай материалдар халық арасында өшпенділік емес, түсіністік қалыптастыруға ықпал етеді.

Бейбітшілік журналистикасының басты мақсаты – қарсы тараптарды жау ретінде емес, мәселені шешуге мүдделі адамдар ретінде көрсету. Өйткені ақпарат құралдары қоғамдық сананың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Мәселен қазақ журналистикасының тарихына көз жүгіртсек, XX ғасырдың басында қазақ баспасөзінің негізін қалаушылардың бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы халықты білімге, бірлікке шақырды. Ол шығарған «Қазақ» газеті ұлттың саяси санасының оянуына үлкен ықпал етті.

Ал біздің миссия бұрынғыдан әлдеқайда жылдам ақпарат арнасын саралау. Әлеуметтік желілер арқылы тараған жалған ақпарат қоғамда дүрбелең туғызуы мүмкін екенін ескере отырып, оның шынайылығын тексеретін маман болуы тиіс. Әсіресе халықаралық қақтығыстар, қоғамдық пікірталастар мен әлеуметтік мәселелер кезінде журналистің әрбір сөзі маңызды.

Иә, 1970 жылдары норвегиялық ғалым әрі бейбітшілік зерттеушісі Йохан Галтунг «бейбітшілік журналистикасы» ұғымын ұсынды. Оның мақсаты – тек қақтығыстың өзін ғана емес, оның себептерін, шешу жолдарын және келісімге бастайтын мүмкіндіктерді көрсету еді. Журналистерді «тарихтың алғашқы авторлары» деуі де осында.

Рас, журналистің басты қаруы – қалам, басты мақсаты – ақиқат. Ал ақиқат салтанат құрған жерде бейбітшілік пен тұрақтылықтың да орны берік болады.

Ондалап ЖОЛДАСОВ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Арал аудандық ветеринарлық станциясы» ШЖҚ КМК, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес Қызылорда облысының Арал аудан аумағында, 10.08.2026 бастап 11.08.2026 дейін 2-санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсат алу бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар нысанында 4 қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайлар бойынша өтеді:

1. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл ауылдық округі, Сексеуіл ауылы, Дүзбай Есболов көшесі, 16 үй. 10.08.2026, сағат 10:00-де.

2. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, Абай ауылы, Абай көшесі, 51 үй. 10.08.2026, сағат 15:30-де.

3. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қамыстыбас ауылдық округі, Қамыстыбас а., Қамыстыбас к., 200 үй. 11.08.2026, сағат 10:00-де.

4. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Аманоткел ауылдық округі, Аманоткел ауылы, Аманоткел көшесі, 89-үй. 11.08.2026, сағат 15:30-де.

Жобалық құжаттама пакетімен интернет ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zher-paidalanu> танысуға болады.

Әсер ету аумағы:

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі Абай ауылы 47°15'53.75»N 62°20'52.29»E;

Қамыстыбас ауылдық округі, Қамыстыбас ауылы 46°11'01.93»N 61°56'27.06»E;

Сексеуіл ауылдық округі, Сексеуіл ауылы 47°03'26.53»N 61°09'25.45»E;

Аманоткел ауылдық округі, Аманоткел ауылы 46°07'17.29»N 61°33'42.80»E.

Белгіленіп отырған қызмет бастамашысының байланыс деректері: «Қызылорда облысының ветеринария басқармасының «Арал аудандық ветеринарлық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Бекмырза хан, 6

БСН 120140013396

БИК HSBKCKZX

ЖСК KZ096017201000000255

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Тел.: 872437379109

Директор Қалыбай Махамбетжанұлы Жұмашов

Жасаушылардың деректемелері және байланыс деректері:

«ТАІРПЫС» ЖШС

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Аз Наурыз көшесі, 17-көше

БСН 200840009053

askar.ikhshanov@mail.ru

Тел.: +7 701 170 1956

Ескертулер және/немесе ұсыныстар Ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/>, prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz; тел: 8 (7242) 60-53-69 арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Белсенді сілтеме Ақпараттық жүйеде ұсынылады: <https://ndbecology.gov.kz/>

<https://us05web.zoom.us/j/82312075475?pwd=PU3HLVMNQGeaaK16Hldq1fFadqVKmT.1>

Конференция идентификаторы: 823 1207 5475; Кіру коды: 45yrfX

Сексеуіл ауылы, 10.08.2026, сағат 10:00-де.

<https://us05web.zoom.us/j/82312075475?pwd=PU3HLVMNQGeaaK16Hldq1fFadqVKmT.1>

Конференция идентификаторы: 823 1207 5475

Кіру коды: 45yrfX

Абай ауылы, 10.08.2026, сағат 15:30-де.

<https://us05web.zoom.us/j/82312075475?pwd=PU3HLVMNQGeaaK16Hldq1fFadqVKmT.1>

Конференция идентификаторы: 823 1207 5475

Кіру коды: 45yrfX

Қамыстыбас ауылы, 11.08.2026, сағат 10:00-де.

<https://us05web.zoom.us/j/82312075475?pwd=PU3HLVMNQGeaaK16Hldq1fFadqVKmT.1>

Конференция идентификаторы: 823 1207 5475

Кіру коды: 45yrfX

Аманоткел ауылы, 11.08.2026, сағат 15:30-де.

<https://us05web.zoom.us/j/82312075475?pwd=PU3HLVMNQGeaaK16Hldq1fFadqVKmT.1>

Конференция идентификаторы: 823 1207 5475

Кіру коды: 45yrfX

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжай askar.ikhshanov@mail.ru бойынша алуға болады және телефон арқылы +7 701 170 1956 алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

КТП на ПХВ «Аральская районная ветеринарная станция», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 10.08.2026-11.08.2026 гг. на территории Аральского района Кызылординской области, состоится 4 общественных слушаний в форме открытого собрания по получению экологического разрешения для объектов 2 категории. Общественные слушания пройдут по следующим адресам:

1. Кызылординская область, Аральский район, с.о Сакаусульский, п.Сакаусульский, ул.ДүзбайЕсболов, д.16. 10.08.2026 г. в 10:00.

2. Кызылординская область, Аральский район, с.о Каракумский, с.Абай, ул.Абай, д.51. 10.08.2026 г. в 15:30.

3. Кызылординская область, Аральский район, с.о Камыстыбасский, с.Камыстыбас, ул.Камыстыбас, д.200. 11.08.2026 г. в 10:00.

4. Кызылординская область, Аральский район, с.о Аманоткельский, с.Аманоткель, ул.Аманоткель, д. 89. 11.08.2026 г. в 15:30.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zher-paidalanu>

Территория возведения:

Кызылординская область, Аральский район, Каракумскийсельский округ село Абай 47°15'53.75»N 62°20'52.29»E;

Камыстыбасский сельский округ село Камыстыбас 46°11'01.93»N 61°56'27.06»E;

Сакаусульский сельский округ село Сакаусульский 47°03'26.53»N 61°09'25.45»E;

Аманоткельский сельский округ село Аманоткель 46°07'17.29»N 61°33'42.80»E.

Реквизиты и контактные данные инициатора:

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Аральская районная ветеринарная станция» управленция ветеринарии Кызылординской области»

Кызылординская область, Аральский район, г.Аральск, Бекмырза хан, 6

БИН 120140013396

БИК HSBKCKZX

ИИК KZ096017201000000255

АО «Народный Банк Казахстана»

Тел.: 872437379109

Директор Қалыбай Махамбетжанович Жұмашов

Реквизиты и контактные данные составителей:

ООО «ТАІРПЫС»

Ақтөбеоблысы, город Ақтөбе, район Астана, ул. Аз Наурыз, С/е 17

БИН: 200840009053

askar.ikhshanov@mail.ru

Тел.: +7 701 170 1956.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/>, prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz; тел: 8 (7242) 60-53-69.

Активная ссылка будет предоставлена на Информационной системе: <https://ndbecology.gov.kz/>

<https://us05web.zoom.us/j/82312075475?pwd=PU3HLVMNQGeaaK16Hldq1fFadqVKmT.1>

Идентификатор конференции: 823 1207 5475;

Код доступа: 45yrfX

с. Сакаусульский, 10.08.2026 г

ЖАҚСЫҚЫЛЫШ КЕНТІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ
НҰРБЕК ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ ТАҒЫБЕРГЕНОВ



ӨМІРБАЯНЫ

Мен 1991 жылдың 19 қарашасында Арал қаласында дүниеге келдім. Білімім жоғары. 2013 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолын 2015 жылы Арал ауданы әкімінің аппаратында әдіскер болып бастадым. 2019-2020 жылдары Арал ауданы әкімінің аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас маманы; 2020 жылдан Қаратөрең ауылдық

округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасының мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартуға;
- Кенттегі шешімін таппаған мәселелерді шешуге;
- Кент тұрғындарының арыз-шағымдарына құлақ асуға;
- Кент кәсіпкерлеріне қолдау білдіруге;
- Кенттен жаңа кәсіп көздерін ашуға;
- Жастардың кәсіпкерлік бастамаларын дамыту үшін кәсіпкерлік негізінде оқытып, жыл сайын грант және несие алуға жұмыс жасауға;
- Кентті абаттандыру мәселесін басты назарда ұстауға;
- Қылмыстың алдын алу мақсатында жергілікті қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізуге;
- Кентте қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмыс жасаймын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

ЖАҚСЫҚЫЛЫШ КЕНТІ ӘКІМІНЕ
КАНДИДАТ
ӨТЕГЕН ҚАНЫМБАЙҰЛЫ САНАҚОВ



ӨМІРБАЯНЫ

Мен 1976 жылдың 10 наурызында Арал ауданы, Сайғонды ауылдық округі, Мойнақ елді мекенінде дүниеге келдім. Білімім жоғары. 2007 жылы Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алғанмын. 2008 жылдан бастап Сапақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін. Отбасылымын, 5 бала тәрбиелеп отырым.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Мені кент әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы уақытта төмендегі жұмыстарды атқарамын:
- Кенттегі шағын кәсіпкерлерді қолдап, қайтарымсыз грант алуына қол жеткізуге;
 - Кенттегі тазалық жұмыстарын бірінші орынға қоюға;
 - Кент жастары арасында мемлекеттік бағдарламалар туралы түсіндірме жұмыстарын күшейтуге;
 - Жас кәсіпкерлерді қолдай отырып, кенттегі кәсіпкерлік саласын дамытуға;
 - Аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасауға;
 - Кенттегі жұмыссыздықты азайтуға және тұрмысы төмен отбасыларға өз ісін ашуға;
 - Кенттің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, қоғалдандыру мен абаттандыру жұмыстарын жүргіземін.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді



ӨМІРБАЯНЫ

Мен 1988 жылдың 10 қазанында Арал қаласында дүниеге келдім. 2018 жылы «Болашақ» университетін «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 2011 жылы «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы қоғамдық қорының Арал ауданы бойынша аула клуб үйлестірушісі ретінде бастадым. 2013-2015 жылдары «Жас Арал өрендері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;

АҚИРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ
КАНДИДАТ
ӘЛІБЕК МЫРЗАХАНҰЛЫ ІЗБАСАРОВ

2015-2017 жылдары Жастарды қолдау орталығының Арал ауданы бойынша бөлім меңгерушісі; 2017-2020 жылдары Жастар ресурстық орталығының директоры; 2020-2024 жылдары Қосаман ауылдық округінің әкімі; 2024-2025 жылдары Арал ауданының экономика және қаржы бөлімінің жетекші маманы; 2025 жылдың қаңтар айынан Беларан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда төмендегі жұмыстарды атқарамын:
- Ауылдық округтегі тазалық жұмыстарын қарқынды түрде жүргізуге;
 - Ауыл жастарының бос уақыттарын тиімді өткізуге;
 - Ауылдық округте жұмыссыздықты

азайтуға және тұрмысы төмен отбасыларға өз ісін ашуға ықпал жасауға;

- Жұмыссыз жастарды жұмысқа тартуға, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға;
- Халықпен ұдайы байланыс орнатып отыруға;
- Ауыл тұрғындарының арыз-шағымдарына құлақ асуға;
- Елді мекендегі негізгі көшелерді жарықтандыруға заң аясында ұсыныстар енгізуге;
- Тұрғындардың, оның ішінде жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуге;
- Сайлаушылардың сенімін иемденіп, Ақирек ауылдық округінің әкімі болсам, ауылдағы өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыс жасаймын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

АҚИРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ
РАЙЫМБЕК ӘБДІСҰЛТАНҰЛЫ



ӨМІРБАЯНЫ

Мен 1987 жылдың 25 желтоқсанында Арал қаласында дүниеге келдім. 2012 жылы Болашақ университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2007 жылы ҚР Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасында аға сержант қызметінен бастадым. 2012-2013 жылдары «Арал Инвест» ЖШС-ның заңгері, 2014 жылдан Атанши ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ

- Ауылдық округтің санитарлық тазалығын жақсартуға, қоғалдандыруға;
- Халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге;
- Ауылдық округтен шыққан та-

нымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға;

- Ауыл ішіндегі электр жүйелерін ретке келтіруге;
- Ауыл көшелерін реттеуге, асфальттауға;
- Аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге;
- Балалар қауіпсіздігін күшейтіп, қауіпсіз орта қалыптастыруға;
- Кәсіпкерлікті дамытуға және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының қолжетімді болуына жағдай жасауға;
- Тұрғындармен ашық диалог орнатып, өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІ МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ТОҚТАТУ СЕБЕПТЕРІ

Салық төлеуші міндетті түрде тоқтатылуы мүмкін, егер ол іс-қимылсыз салық төлеушілер тізбегінде тұрса және бір мезгілде төмендегі шарттарға сай болса:

- Салық есептілігін тапсыруға жауап бермеген;
- Экспорт-импорт операцияларын жүргізбеген;
- Банктік шоттар арқылы төлемдер немесе аударымдар жасамаған;
- ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген;
- Басқа заңды тұлғалардың басшысы немесе құрылтайшысы болмаған;
- Салық есептілігін уақытша тоқтатпаған;
- Мүлік салығы, көлік салығы, жер салығы бойынша мүлкі болмаған (жеке тұлғалардың объектілерін қоспағанда);

- Әлеуметтік төлемдер бойынша қарызы болмаған;
- Салық, кеден және басқа міндетті төлемдер бойынша 6 АЕК-тен артық қарызы болмаған жағдайда тоқтатылады.
- Мәжбүрлі тоқтатуға жатпайтындар:
- Салықтық мониторингте тұрғандар;
- Тау-кенді пайдалануға арналған келісім бойынша қызмет ететіндер;
- Камеральды бақылау немесе салық тексерулері бойынша бұзушылықтарды жойғандар немесе түсініктеме бергендер;
- Сот орындаушылары немесе басқа өкілетті органдар тарапынан шектеулерге ұшырағандар;
- Валюта бақылауы толық аяқталмаған экс-

порт-импорт валюталық келісім тараптары;

- Банктік шоттар арқылы төлемдер жасағандар.

Процедура:

- Мәжбүрлі тоқтату туралы шешімді салық органы заңды күшіне енген сот актісіне сүйене отырып қабылдайды;
- Тоқтатылған салық төлеуші салық органында тіркеуден алынады.

Қорытынды: Мәжбүрлі тоқтату нақты белсенділігі жоқ салық төлеушілерге қолданылады, бұл әкімшілендіруді жеңілдетіп, жалған компанияларды болдырмайды.

Арал ауданы бойынша МКБ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – әділ қоғамның негізі. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін басты қауіптердің бірі. Оған қарсы күрес – әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттік қызметшілер үшін негізгі шектеулер:

- Пара алуға және беруге қатаң тыйым салынады;
- Қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалануға болмайды;
- Мүдделер қақтығысына жол бермеу қажет;
- Сыйлықтар мен артықшылықтарды қабылдауға шектеу қойылады;
- Коммерциялық қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Әрбір мемлекеттік қызметші адалдық пен заңдылық қағидаттарын ұстануы тиіс. Адал қызмет – жарқын болашақтың кепілі!

Арал ауданы бойынша МКБ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII Салық кодексінің 207 бабына сайшот-фактураны жазып беруге міндетті тұлғалардың санаттары мынадай:

- Қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркелген салық төлеушілер – осы Кодекстің 50-тарауына сәйкес;
- Қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын салық төлеушілер – осы Кодекстің 208 және 209-баптарына сәйкес жазып беруге міндетті.

Шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күннен кейін және осындай күннен кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейжазып беру міндетті.

Егер де шот-фактура бекітілген мерзімнен кеш жазылса, «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 280-1 бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қаралатыны жөнінде ескертеді.

Арал ауданы бойынша МКБ

АҚЫНДЫҚ ПЕН ҰСТАЗДЫҚТЫ ҚАТАР ҰСТАҒАН АЙНАГҮЛ

Өркімге туған жері Мысыр шағары. Киелі Арал топырағы қашанда перзенттерімен мақтанған. Осынау айданды өлкеде балалық шақтың дәмін татып, қияға қанат қаққан ұл-қыздарымыз баянды болашаққа сеніммен көз тігіп, кемел келешекке зор үмітпен қараған. Біз тілге тиек еткендей дәлелдеуді қажет етпейтін аксиоманы ақиқатқа айналдырған жандардың бірі де бірегейі – Айнагүл Әбуова.

Ақындық пен ұстаздықты қатар алып жүрген Айнагүл жарты ғасырлық жолында талай асудан асып, биік белестерді бағындырды. Өлеңмен өрілген өмір оны өрте бастады. Аузына Алла сөз салған суырыпсалмалық қасиетімен дараланып, айтыстың ақтангерлері қатарынан табылды. Ақындық өнерге мектеп қабырғасынан машыктанған бойжеткен жыр додаларында топ жарып, өзін мойындата алды. Онан бөлек 1998 жылы Республикалық «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінде І дәрежелі лауреат атанып, айтыс сахнасында Сыр бойынғы намысын қорғап, сөз зергерлеріне дес бермеді. Шығармашылық жолға шындап түскен ол бұдан бөлек ғылымды да қуды.

Нақтырақ тоқталсақ, ғылыми еңбектер жазып, шәкірт тәрбиелеуге айрықша атсалысты. Арманы асқақ, қиялы жүйрік жан еңбек жолын Арал қаласындағы Оқушылар үйінен бастап, аталмыш мекемеде үйірме жетекшісі, мәдени ұйымдастырушы әдіскер ретінде еңбек етіп, жас буынның алғыр болып бой түзеуіне алғаусыз үлес қосты.

Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша тәмамдаған кейіпкеріміз Педагогика ғылымдарының магистрі де атанды.

Қош. Оның шығармаларында Арал тағдыры, туған жер, адамдық құндылықтар, әйел болмысы кеңінен көрініс тауып, ойлы оқырмандарының жүрегінен әркез орын алды. Қадыр Мырза Әлінің «Ақынға керек ақыл көп, Асаулық керек аздаған» деген сөзін санаға сіңірген сұлу:

– Сенделіп себеп сұрама жаннан,
Орынсыз ініп басыңды.
Көмейге келіп құрала калған,
Өлеңге төк көз жасыңды, – деп құдіретпен сырласуды әдет қылды. Ішкі сезімдерімен тек онашада күресіп, бар мұның ақ паракқа танбалады. Артынша құнды дүниелері арқылы танылған үстіне танылып, аға буынның бағыт-бағдарымен көкжиегін кеңейтті. Оңталап



ТУҒАН ЖЕР ТҮЛЕГІ

Нұрмаханов, Бекұзақ Төңібергенов, Шым-берген Сүлейменов және басқа да туған жердің маңдайалды ақындарын үлгі ете жүріп, руханияттың нағыз мықтысына айналды.

Ісі қазқтың ардақтысы Фариза Оңғарсынованың батасын алып, «Шабыт-тан» шабыттанған ақын Серік Ыдырысовтай дарабоздың сенімінен шықты.

Иә, Айнагүл Әбуова жайында айтылатын әңгімені таниан таңға жалғауға болар. Аралдағы қарашаңырақ №220 орта мектептің түлегі өзіне тән тұғырға көтерілді. Ата-анасының үкілі үміті, жерлестерінің мақтанышы атанған Айнагүл қазіргі таңда Сырдың бас қаласында. Әрдайым туған жер десе бүйрегі бұрып тұратын оған аралдықтар да тілеулес.

А.ЖАЙШЫЛЫҚ

ЕРЕН ЕҢБЕГІ ЕЛ ЕСІНДЕ

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді қазақ даналығы. Ел игілігі жолында адал еңбек етіп, өз ісінің өркендеуіне бар ғұмырын арнаған азаматтардың есімі уақыт өткен сайын биіктей түседі. Олар тек бір саланың маманы ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресін жасаған тұлғалар ретінде халық жадында сақталады.

Арал өңірінің балық шаруашылығы тарихы – елдің экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек адамдарының тағылымды ғұмырынан құралған шежіре. Сол шежіренің жарқын беттерінде есімі құрметпен аталатын азаматтардың бірі – Шамау Ибрашев.

Ол саналы ғұмырын балық шаруашылығы саласын дамытуға арнап, кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ел игілігіне қызмет етті. Қай кезеңде болмасын саланың дамуына тың серпін беріп, балықшылар қауымының абайройын арттыруға өлшеусіз үлес қосты.

Елдің ерен азаматы, балық шаруашылығы саласының ардагері, Қуаңдария балық аулау базасының директоры, «Социалистік жарыстың жеңімпазы», «Елдің ерен тұлғасы» Шамау Ибрашевтың өмір жолы мен еңбек мұрасы дәріптеуге лайық. Оның өнегелі ғұмыры, елге деген адалдығы мен еңбекқорлығы кейінгі ұрпаққа үлгі болып, туған өлкесін тарихымен бірге жасай бермек.

XX ғасырдың екінші жартысында Арал өңіріндегі балық шаруашылығы өндірісінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан Шамау Ибрашев өз заманының білікті маманы, іскер ұйымдастырушысы әрі жауапкершілігі жоғары басшысы ретінде танылды. Ол қай қызметте жүрсе де өндірістің дамуын, еңбек өнімділігін арттыруды және мамандардың кәсіби деңгейін көтеруді басты мақсаттарының бірі санады.

Шамау Ибрашев 1928 жылдың 3 қаңтарында Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Қасқақұл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Балалық және



жастық шағы ел өміріндегі күрделі кезеңдермен тұспа-тұс келсе де, ол жастайынан еңбекке араласып, жауапкершілік пен табандылық қасиеттерін бойына сіңіріп өсті. 1946 жылы Қасқақұл арал мектебін аяқтағаннан кейін еңбек жолын Қуаңдария машина-жөндеу станциясында бастап, хатшы және балық аулау ісі жөніндегі нұсқаушы қызметтерін атқарды. Кейін Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеп, азаматтық өмірге үлкен тәжірибе жинақтап оралды. Білім мен біліктілікті әрдайым жоғары қойған Шамау Ибрашев Краснодар өлкесіндегі балық шаруашылығы өндірісі саласына мамандар даярлайтын оқу орнында білім алып, балық шаруашылығының техник-ұйымдастырушысы мамандығын игерді. Бұл білім оның кейінгі еңбек жолында үлкен рөл атқарды.

Өзінің қажырлы еңбегі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында ол әр жылдары «Қарашалан» ұжымшары төрағасының орынбасары, Қуаңдария балық аулау базасының инженері, Арал балық өнеркәсібі өндірістік бірлестігінде инженер және директордың орынбасары қызметтерін атқарды. Ал 1963 жылдан бастап Қазалы балық зауытының бас инженері ретінде өндірістің дамуына елеулі үлес қосып, 1977 жылдан бастап

өмірінің соңына дейін «Қызылорда балық» өндірістік бірлестігінің бөлім бастығы қызметін атқарып, өңірдегі балық шаруашылығы өндірісін жетілдіруге бағытталған маңызды жұмыстардың басы-қасында болып, бүкіл саналы ғұмырының отыз төрт жылын Арал балық шаруашылығы өндірісін дамытуға арнады. Оның ұйымдастырушылық қабілеті, кәсіби біліктілігі және іске деген адалдығы әріптестері арасында үлкен құрметке ие болды.

Еңбек жолындағы жетістіктері жоғары бағаланып, 1975 жылы КСРО Балық шаруашылығы министрлігі мен Балық өнеркәсібі кәсіподағы Орталық комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар Қызылорда облыстық атқару комитетінің және кәсіподақ ұйымдарының Құрмет грамоталарына ие болып, бірнеше мәрте социалистік жарыстардың жеңімпазы атанды.

Шамау Ибрашев тек өндіріс басшысы ғана емес, өнегелі әке, ардақты отбасы иесі болды. Жұбайы Айғанша Өтеуішовамен бірге жеті перзент тәрбиелеп өсіріп, ұрпағына еңбекқорлық пен адамгершіліктің үлгісін көрсетті.

Шамау Ибрашев еңбек жолын қарапайым қызметтен бастап, өндірістің барлық са-тыларынан өтті. Сондықтан да ол балық шаруашылығы

саласының тыныс-тіршілігін терең білді, еңбек адамның мұң-мұқтажын түсінді және кез келген мәселені тәжірибеге сүйене отырып шешуге ұмтылды. Оның бойындағы талапшылық пен әділдік, қарапайымдылық пен адамгершілік қасиеттер әріптестері арасында ерекше құрметке ие болуына негіз болды.

Өңірдің балық өнеркәсібін дамыту жолында аянбай еңбек еткен азаматтың қызметі ел игілігіне бағытталды. Ол өндірістік көрсеткіштердің артуына ғана емес, сала мамандарының қалыптасуына, жас кадрлардың тәжірибе жинақтауына да ерекше көңіл бөлді. Сондықтан да оның өнегелі өмір жолы кәсіби шеберлік пен адал еңбектің жарқын үлгісі ретінде бағаланады.

Балықшылар қауымы ежелден төзімділікті, табандылықты және жауапкершілікті қажет ететін кәсіп иелері саналады. Шамау Ибрашев осы қасиеттердің барлығын бойына сіңіріп, туған өлкесін өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсаған азамат болды. Оның есімі Арал өңіріндегі балық шаруашылығы саласының қалыптасуы мен дамуы тарихынан ерекше орын алады.

Бүгінде өткенді зерделеп, тарихи тұлғалардың еңбегін кейінгі ұрпаққа насихаттау – маңызды міндеттердің бірі. Шамау Ибрашевтің өмір жолы мен еңбек қызметі тек бір адамның тағдыры ғана емес, тұтас бір дәуірдің, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының көрінісі болып табылады.

Ел үшін еткен еңбек ешқашан ұмытылмайды. Адалдық пен табандылықты ту еткен Шамау Ибрашевтің жарқын бейнесі мен өнегелі ғұмыры ұрпақ жадында сақталып, туған өлкесінің тарихымен бірге жасай берді.

Өткенді ұлықтау – өнегелі тұлғаларды ұмытпау. Ал Шамау Ибрашев сынды еңбек адамдарының жарқын бейнесі халық жадында мәңгі сақталады.

Тұмар ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ,

Арал аудандық Балықшылар музейінің ғылыми қызметкері



Сыр аймағының аға басылымы «Сыр бойы» газетінде ұзақ жыл қызмет етіп, бұл өмірден мезгілсіз кеткен, көзі тірі болғанда 75 жастың желкесіне мінер қайталанбас досым Қазим жайлы жазбамды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдім.

Қазекең парасат-пайымы биік прозашы, өлеңінің әр жолында дала жусанының иісі бұрқыраған ақын еді.

ЕСКЕРТКІШІН ӨЛЕҢІМЕН ОРНАТҚАН

Қазидың «Гүлдіурен», «Сағыныш екен бала кез» атты кітаптары шыққан. «Жалын» журналының жабық бөйгесінде бірнеше мәрте жүлделі болды. Ақсарқын азамат дүниеден жас кетті. Быыл маусымның басында өмірден озғанына бір жыл толады. Қазим ауырып жатқанда маған хат жазып, ішіне өзінің бір өлеңін салып жіберіпті. Ардақты азаматтың сол соңғы жазған өлеңін халық сүйіп оқытын «Егемен Қазақстан» газетіне ұсынуды жөн көрдім.

Айтқандай, Қазекеңнің осы өлеңіне сазгер-әнші Елена Әбдіхалықова «Сен аман бол, Қазақстан» атты патриоттық ән шығарды. Бүгінде бұл ән сахнадан түспейді.

Ұмытпасам, 2013 жыл болуы керек, республикалық «Айқын» газетінде аталған басылым бас редакторының орынбасары Жолдасбек Дуанбайдың «Қазиды қашан кинода сөйлетеміз?» атты мақаласы жарияланды. Жолдасбек мақаласын «...Аудан орталығындағы дүкен сөресінен «Гүлдіурен» атты кітапты көзім шалып қалды... Жұқалтаң ғана сол кітапты сатып алуға тура келді. Авторы – Қазим Данабаев екен» деп бастап, одан әрі жинақтағы әңгімелерге жан-жақты талдау жасайды да соңында төмендегідей ұтымды ұсыныс тастайды:

«Түсінікті әрі қызықты әңгімелерді әрқайсысын оқып, тауысқанша тағатыңыз таусылды. Ал мені қызықтырған «Гүлдіурен» режиссерлер үшін киноға сұранып тұр.

...Иә, балалардың бал тілін білген, бабын түсінген жазушының бұл шығармасы балалар фильміне зәру болып отырған режиссерлер үшін тамаша олжа. Қазим Данабаевтың қай шығармасы да экрандалса, ұялмай көретін туынды болар еді. Тек соны көретін көз керек, режиссер керек. Осы мақаладан соң кино түсіруге ықсыласы ауган азаматтар болса біз де қолымыздан келгенше көмектесер едік» деген еді.

Бұл ұсынысты құба-құп деуге әбден болады. Алла жазса, бұл ниетті де көпшілік қабыл алар деген үміттеміз.

Есімі елге танымал жазушы, Қазекеңнің қаламдас досы Қуаныш Жіненбай өз естелігінде оны төмендегіше еске алады:

«Қазидың көзін тырнап ашқалы көргені Қарақұмның бұйрат-бұйрат құм төбелері мен аңызды желі. Сол желмен жөңкіле көшкен қанбақ. Құмға та-мыр сіңірген сексеуіл мен жыңғыл. Сүренсіз көрініс, адам қызығатындай оқыс жағдайды да аңғара алмайсың. Шынтауытына келгенде, Қазим үшін мұнан артық жер жұмағы жоқтың қасы, оның Мекке-Мәдинесі – Қарақұм. Ал шөлді аймақта өмір сүрген адамдардың көңіл-күйлеріне Қазим шығармалары арқылы назар салыныпшы, олардың жүрек дүрсілін Қазидың көзімен қарап, көңілімен түйсініпші. Сіз сонда тіпті басқа әлемге тап болар едіңіз. Кіршіксіз таза әлемге!».

Қазидың шығармаларына мұнан артық баға беруге болар ма, сірә?

Иә, өмір деген осы. Қазим досымыздың мәңгілік сапарға мезгілсіз кеткені жүрегімізге жазылмас жара салғанды. Өткен, көзі тірі болғанда 75 жастың желкесіне мінер еді-ау... Қазиды өлді деуге болмайды, өйткені, оның артында өшпейтұғын ізі мен өлмейтұғын өлеңдері қалды.

Ой, дүние-ай десеіші! Өмір үшін арпалысқан Қазидың қолынан мәңгілікке кеткенше қалам түскен емес. Бірде көңілін сұрай барғанымда мына бір өлең жолдарының қолжазбасын ұсынған.

Операция...
Реанимация.
Болмессі боғұялт тұман ба?
Талай ажалдан аман сақтап ең,
Сақтағай тағы бір Алла!
Ақ халаттылар ма?
Ақ халаттылар ма?
Уақыт мені айналып...
Бауыр тесілген,
Қарын кесілген,
Жатырмын үнсіз байланып.
Қолымды сөзсәм шарықтап көкке,
Кетер ем сағам...
Қарашы...
Жылдан қабығындай жұп-жұқа екен ғой,
Өмір мен өлім арасы.
Уақыт келер...
Уақыт кетер...
Тағдырын салса не етерсің,
Бақытсыз да өлер,
Бақытты да өлер...
Есіңді жисаң,
Өмірді қимайды екенсің,
Өмірді қимайды екенсің, –
деген Қазига белгілі жазушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Құлбек Ергөбек «Өлеңімен өзіне ескерткіш орнатып кетті...» деп баға берген. Демек, қайталанбас досым Қазидың өлең-ескерткіші мәңгілік тұрады.

Еркін ӘБІЛ,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Арал аудандық
«Толқын» газетінің редакциясы

Бас редактор
Айдар САЙЛАУОВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 40-11-10
Бас редактор - 21-4-50
Бас редактордың орынбасары, тілшілер - 22-9-91. Бөлімдер: құқық, руханият, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы - 22-9-91, ақпарат және әлеумет, компьютер орталығы - 21-1-91, бас маман - 21-8-42.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Арал қаласы, Қарасақал Ерімбет көшесі №66 үй.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17659-Г куәлігі берілген.
«Толқын» аудандық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғармасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8 (7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8(72433) 2-44-42 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұттан көшесі, 4. А.

Таралымы 5866 Тапсырыс 1998

Кезекші редактор Гүмарал САҚТАЛОВА